2 Халықаралық турнир басталды

6 Күй көңілді тербеткен күн

21 қыркүйек, сенбі 2024 жыл

Сыр бойы

95 жыл

№145-146 (20819-20820)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

ЕГІН – 2024

ОРТА ӨНІМ – 85 ЦЕНТНЕР

Жалағаш ауданы сонау кеңестік кезеңнен бері аграрлық салаға бағытталған. Алтын астықтан тау тұрғызып, талай-талай рекордтық көрсеткіш орнатты. Сол уақыттағы А.Бисенов, Ұ.Еспанов, Н.Әпірезов сынды Еңбек ерлерінің ізін жалғап, Тәуелсіздік жылдарынан бері ауыл шаруашылығында абыройлы да табысты еңбек етіп келе жатқан «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаев Қазақстанның Еңбек ері атанды.

Аудан диқандары биыл да аймақта алдыңғы қатарда. Күзгі дала жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Биылғы жылдың бекітілген сызбасына сәйкес ауданда 37218 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Нақтырақ айтсақ, күріш көлемі өткен жылғыдай, яғни, 19800 гектар, есесіне жаздық, күздік бидай, сүрлемдік жүгері, мақсары, қант құмайы, ескі жоңышқа сияқты дақылдардың көлемі едәуір артқан. Сол секілді, көкөніс-бақша өнімдерінің көлемі де көбейе түскенін байқауға болады.

Бүгінде 19800 гектар күріштің 11450 гектары орылып, 9300 гектары, яғни, 47 пайызы жиналды. Қазіргі есеппен күріштің әр гектарынан 52 центнерден, барлығы 483600 центнер өнім алынды. Сонымен қатар, жоңышқа, картоп, көкөніс, бақша дақылдарын жинау жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, 129 гектар күздік бидайдың әр гектарынан 13 центнерден, барлығы 1677 центнер, 770 гектар жаздық бидайдың әр гектарынан 9 центнерден, барлығы 6930 центнер, 665 гектар мақсарының әр гектарынан 8,7 центнерден, барлығы 5785 центнер өнім жиналды. Сол сияқты, 200 гектар қант құмайынан 8195 центнер, 40 гектар арпадан 328 центнер, 5 гектар сұлыдан 64 центнер өнім алынып отыр.

2-бет

ВИЦЕ-МИНИСТР ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки Қызылордаға іссапармен келіп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде тұрғындармен кездесті.

Дархан Ахмед-Заки алдымен 2024 жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмыстар нәтижесін таныстырып, жоспарларды баяндады.

– Биыл 93 952 мемлекеттік грант бөлініп, шәкіртақы көлемі бакалавриат бойынша 20 пайызға, магистратура, докторантура бойынша 15 пайызға артты. Сонымен қатар, өзекті мәселелердің бірі – жатақхана құрылысы кезең-кезеңімен шешімін табуда. Қазіргі таңда 10 576 орындық 27 жатақхананың құрылысы жүруде. Бұдан бөлек, елімізде 9 шетелдік жоғары оқу орнының филиалы ашылды, – деді ол.

Вице-министр еліміздегі жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жұмыс жоспарына тоқталды. Оның ішінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің негізгі қорытындылары, педагог даярлау, инженерлік білім берудің ұлттық моделі, студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету, шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары, жастарды әлеуметтендіру және тәрбиелеу, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту, әлемдік цифрлық кітапханалар мен платформаларға қолжетімділік, тағы басқа жайттар қамтылды.

Кездесуден кейін жеке қабылдау ұйымдастырылды. Вице-министр ғылым мен жоғары білімге қатысты негізгі мәселелер бойынша өтініштер мен ұсыныстарды тыңдап, сұрақтарға жауап берді.

Қазіргі таңда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде ғылыми-зерттеу жұмысынан түскен табыс 5 есе өсті. Оқу орнында 30 ғылыми жобаның 23-і Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында орындалуда. Университеттің 3 ғалымы мемлекеттік ғылыми стипендия иегері атанып, 3 ғалым Ұлттық ғылыми кеңестің құрамына кірді. Сондай-ақ «500 ғалым» жобасы аясында былтыр 13 оқытушы шетелде тағылымдамадан өтті. Биыл 6 оқытушы шетелде ғылыми тәжірибе алмасуда. Үш жылдан бері жас ғалымдардың ғылыми ізденістерін қолдау мақсатында жалпы сомасы 10 млн теңге болатын университеттің ішкі гранты бөлініп келеді. Ал биылдан бастап грант көлемі 20 миллионға көтерілді. Бұдан бөлек, әлемдік журналдарда жарияланымдары жарық көрген ғалымдар үшін материалдық қаржыландыру көздері қарастырылған.

Вице-министрдің Сыр өңіріне жұмыс сапары аясында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бірлескен ғылыми-техникалық хакатон өткізу жоспарланған. Басқосудың негізгі мақсаты – ғылым нәтижелерін өндіріске жақындату.

«СБ» ақпарат

ӨРКЕН

ДАРИЯ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ҚҰЙҚАЛЫ ҚОНЫС

Білесіз бе, Қызылорда қаласы – құрамында екі кент пен жеті ауылдық округі бар республикадағы жалғыз облыс орталығы. Бұған дейін біздің басылым тілшілері қалаға қарасты бірқатар ауыл мен «Белкөл» және «Тасбөгет» кенттерінің тыныс-тіршілігін саралап, оқырманға материалдар ұсынды, ал бүгін «Талсуат» ауылы туралы айтпақпыз.

БҮГІНГІ АУЫЛ ДИДАРЫ

Облыс орталығы Қызылорда қаласынан 10 шақырым жерде орын тепкен бұл ауылдың тарихы тереңде. Нақты кезеңде мұнда екі жарым мыңға жуық адам тұрады, елді мекеннің жер көлемі 925 гектарды құрайды.

Мұнда ұзаған жылдың мәресінде ауылдық округ әкімінің сайлауы өтті. Сайлауға өзін-өзі ұсыну жолымен түскен үш азаматтың ішінен ел-жұрттың таңдауы Ерлан Бисенбаевқа түсті. Сөйтіп, елі байсалды, тірлігі түзу ауылға тәжірибесі мол маман әкім болып сайланды. Ол ауылдың әлеуметтік жағдайы мен даму динамикасы туралы айтып, атқарылып жатқан жұмыстарды, қолға алынған жақсы істерді көрсетті.

– Кейінгі жылдары ауылдың аумағы үлкейіп, мемлекеттік бағдарлама игілігі аясында дамып келеді. Ауызсу, жол, түнгі жарық, «көгілдір отын» мәселесі шешілді. Ал биылғы жыл басында жаңа мәдениет үйі пайдалануға берілді, – дейді округ әкімі.

3-бет

ҚАЛА КҮНІ

«ҒАЛАМ мен ҚАЛАМ»

6-бет

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Бүгінде облыста алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары қызу жүруде. Кәсіпорындар мен әлеуметтік маңызы бар нысандардағы іс-шаралар бекітілген кестеге сай орындалуда.

Жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға 12 млрд теңге қаржы бөлінді. Атап айтар болсақ, республикалық бюджеттен 8,3 млрд, облыстық бюджеттен 3 млрд теңге, ҚЖЭО кәсіпорнының өз қаржысы есебінен 566 млн теңге қаралды. Жылу-энергия көздерін жаңғыртуға 4,8 млрд теңге бөлінген. «Қызылорда жылу-электр орталығының» Оңтүстік қазандығының «Боно энерджи» маркалы үш бу қазандығын жаңғыртуға бюджеттен 2,7 млрд теңге қаралды. «Азияэнергопроектмонтаж» ЖШС қажетті құрал-жабдықтарға тапсырыс беріп, қазір құрылыс жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

Мұнан бөлек, №3 газтурбиналық қондырғысы мен генераторын күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 887 млн теңге қаржы бағытталып, Ресейдің Тамбов қаласында газтурбиналық қондырғы жөндеуден өтіп жатыр. Облыстық бюджеттен 695 млн теңгеге және кәсіпорын қаржысы есебінен 566 млн теңгеге №1 газтурбиналық қондырғының генераторын, 11 қазандықты, 1 турбина мен 15 қазандықты жөндеу 98 пайыз орындалды.

3-бет

Фото: Ашық дереккөзден

Валюта бағамы $ 478,93 kzt € 534,96 kzt ₽ 5,16 kzt

Ауа райы +20⁰ +25⁰ +22⁰ +27⁰

№145-146 (20819-20820) 21 қыркүйек, сенбі 2024 жыл

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

БАҚЫЛАУ ӘРКЕЗ МАҢЫЗДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала және аудан әкімдерінің қатысуымен арнайы мәжіліс өткізіп, құрылыс нысандарының уақытылы және сапалы салынып, қолданысқа берілуі, күріш орағының барысы туралы мәселелерді талқылады.

Сонымен бірге, қоғамдық саяси ахуалдың тұрақтылығын сақтау, елді мекендердің тазалығы, жылу маусымына әзірлік жайы да назардан тыс қалмады. Жиында қаладағы қоғамдық көлік қозғалысы, коммуналдық қызметтің үздіксіз әрі сапалы көрсетілуіне қатысты мәселелер де қозғалды.

Аймақ басшысы құрылыс алаңдарындағы жұмыс барысын күнделікті қадағалауды тапсырды. Елді мекендердің тазалығы да ұдайы бақылауда ұсталуы тиіс. Жылу маусымы жақын қалғандықтан, бұл бағыттағы жұмыстардың тиянақты орындалуы маңызды.

Нұрлыбек Машбекұлы тұтынушыларға сапалы, талапқа сай қызмет көрсетілуі тиіс екенін атап өтіп, орын алған кемшіліктерді тез арада түзету туралы тапсырма жүктеді. Тұрғындар күнделікті тұрмыс-тіршілікте кезігетін мәселелерді жиі көтереді. Бұл ұсыныстар мен түйткілдер жан-жақты сарапталуы керек.

Жиында атқарылған жұмыстар баяндалып, тұрғындар қозғаған мәселелерді негізге алып, оларды тиімді шешу жолдары қарастырылды.

МАҢЫЗДЫ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІРКІЛІССІЗ ІСКЕ АСЫРУ ҚАЖЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен «Ауыл аманаты» және «Артспорт» бағдарламаларының өңірде жүзеге асырылуы талқыланған мәжіліс өтті.

Аймақ басшысы аталған бағдарламалар бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды.

– «Ауыл аманаты» бағдарламасы біздің өңірде былтыр бастау алды. Өткен жылы республикалық бюджеттен 3 млрд теңге қаржы бөлінсе, биыл 4 млрд 600 млн теңге қаралды. Қазіргі таңда нақты 1 млрд теңге қаржы бөлінді. Қызылорда қаласы мен аудандарда 125 жобаны іске асыру жоспарланған, бүгінде 512 млн теңгенің 68 жобасы қолдау тапқан. Аудандардан ұсынылған жоба өте көп. Бірақ құжат қабылдау, портал жұмысының баяулығы жұмысқа кедергі келтіруде. Өткен жылы несие алған азаматтар салық және міндетті әлеуметтік төлемдерді дұрыс төлемеген. Бағдарламаны тиімді және мақсатты пайдаланып, ауыл халқының табысын арттыруда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуіміз қажет. Әрбір жоба және оны сүйемелдеу жұмыстарының барысы жеке-жеке сұралатын болады, – деді облыс әкімі.

Жиында аудан әкімдері бағдарлама аясында атқарылған жұмыстар мен алдағы уақытқа жоспарланған шараларды баяндады.

Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасымен бірлесіп, өткен жылы несие алғандарға толыққанды талдау және мониторинг жасау тапсырылды. Анықталған ақпаратты басқармаға ұсынып, елді мекендердегі кәсіп бастаймын деген ынталы азаматтардың бағдарламаға қатысуын қамтамасыз ету, сүйемелдеу керек.

Сондай-ақ аталған басқарма «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, «Ауыл аманаты» бағдарламасына қаралған қаражаттың тиімді әрі уақытылы игерілуін қамтамасыз етуі тиіс. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы несие иелендер арасынан атаулы әлеуметтік көмек алушыларды анықтап, отбасының цифрлық картасы негізінде міндетті әлеуметтік төлемдер және оның категориялары бөлінісіндегі ақпаратты ұсынуға жауапты. Ал облыстық денсаулық сақтау басқармасына міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорына аударым жасаған несие алушыларға талдау жүргізу жөнінде тапсырма берілді.

Мұнан бөлек, облыс әкімі «Артспорт» бағдарламасы аясында балалар мен жасөспірімдерге арналған спорттық тапсырысты орындайтын кәсіпкерлер жұмысын әлі де зерделеу қажет екенін ескертті. Бюджеттің әрбір тиыны бақылауда болуы тиіс. Сондықтан мониторингтік топ жұмысын тұрақты түрде жалғастыру қажет.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР БАСТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданы Тереңөзек кентінде мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевты еске алуға арналған волейболдан XXV халықаралық турнирдің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ергешбаев, Елеу Көшербаевтың ұрпақтары, мемлекет және қоғам қайраткерлері келді.

Жарысқа Өзбекстан, Астана, Шымкент қалалары мен Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстарынан 25 команда қатысуда.

Аймақ басшысы турнир қатысушыларына ізгі тілегін білдірді.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Олимпиада ойындарының жүлдегерлерімен кездесуде: «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз» деген болатын.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен және кәсіпкерлердің демеушілігімен соңғы жылдары аймағымызда заманауи спорт нысандары көптеп бой көтеруде. Өткен жылы 13 спорт кешені салынып, бүгінде 9-ы ел игілігіне табысталды. Биыл 10 спорт кешенінің құрылысы басталды.

Бұдан бөлек, халықаралық стандарттарға сай келетін 10 000 орындық Орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені салынуда. Үстел теннисі орталығының құрылысы аяқталды, жақында пайдалануға беріледі. Құрылысы жоспарланған «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінде 2000 көрерменге арналған арена, олимпиадалық стандартқа сай келетін бассейн және 600 адамдық көрермен залы, жаттығу, конференц және хореография залдары болады. Қазақстан футбол федерациясының «ALAN» бағдарламасымен Ғани Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы күрделі жөндеуден өткізілуде. Осылайша біз жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастырып, спортпен шұғылдануына қолайлы орта қалыптастырудамыз. «Спорт – денсаулық кепілі» десек, нысандарды көпшілікке қолжетімді ету арқылы халық денсаулығын жақсарту біздің басты міндетіміз болып қала бермек, – деді облыс әкімі.

Салтанатты ашылу рәсімінде мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Айтбай Көшербай мен Мәжіліс депутаты Мұрат Ергешбаев сөз сөйледі. Сондай-ақ іс-шарада турнирді ұйымдастыруға атсалысқан спорт саласының қызметкерлері марапатталды.

Е.Көшербаев Тереңөзек, Сырдария аудандық атқару комитеттерінің төрағасы, Қармақшы, Қазалы аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болған. Зейнетке шыққан соң да облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде игі істер атқарған.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ОРТА ӨНІМ – 85 ЦЕНТНЕР

Бүгінгі күнге 4850 гектар жаңа жоңышқадан 60625 центнер жиналса, 8091 гектар ескі жоңышқаның 191 гектары тұқымға алынып, қалған 7900 гектар жоңышқаның бірінші орымынан 226410 центнер, екінші орымынан 239054 центнер, үшінші орымынан 781,2 центнер өнім жиналды. Ал 188 гектар картоптың 85 гектары қазылып, әр гектарынан 115,1 центнерден 9780 центнер, 1115 гектар көкөністің 1055 гектары жиналып, әр гектарынан 171,7 центнерден 18114 центнер, 1300 гектар бақшаның 1210 гектары жиналып, әр гектарынан 221,5 центнерден, барлығы 26802 центнер өнім алынды.

Егіннің межелі жерге уақытылы орналастырылып, ысырапсыз жиналуы адам күшімен қатар, техниканың мүмкіндігіне байланысты екені белгілі. Бұл орайда аудан шаруашылықтары техника паркін жаңарту жұмыстарын ішінде 1500 гектарға егілген күріш дақылының әр гектарынан орташа есеппен 85 центнерден өнім алынып отыр. Күріштің басым бөлігі – шетелдік жаңа «Каурис» сорты және жерсіндірілген «Лидер», «Альянс» сорттары. Бұдан бөлек, 80 гектарға қант құмайы, 800 гектарға жоңышқа, 150 гектарға түйежоңышқа дақылдары егілген болатын. Қазір шаруашылық еңбеккерлері өнімді ысырапсыз жинап алуға жұмыла кіріскен. Биыл «Таң ЛТД» ЖШС қытайлық компаниямен бірлесіп, Шиелі ауданында 800 гектарға тамшылатып суару әдісімен дән жүгері екті. Алдағы 2025-2026 жылдары егістік көлемі 3 мың гектарға дейін ұлғайтылады деген жоспар бар.

«Таң ЛТД» серіктестігі кейінгі жылдары ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына 1,5 млрд теңгеден астам қаржы бөлген.

үнемі жүргізіп келеді. Биылдың өзінде 842,1 млн теңгеге 15 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Қазіргі күзгі дала жұмыстарына аудан бойынша 1500-ден астам егіншімеханизатор жұмылса, 1027 ауыл шаруашылығы техникасы қатысуда.

Егін саласы бойынша бірнеше жылдық тәжірибесімен қатар, алажаздайғытынымсызеңбекнәтижесінде күріштен жоғары өнім алып отырған шаруашылықтар да бар. Айталық, Жалағаш ауданындағы «Ер-Әлі» шаруа қожалығы 3500 гектарға түрлі дақылдар еккен. Оның ішінде 1300 гектарға күріш егіп, бүгінде әр гектарынан орташа есеппен 89 центнерден өнім алды. Бұдан бөлек «Ер-Әлі» шаруа қожалығының тамшылатып суару әдісімен еккен 6 гектар алма бағы бар. Түрлі сортты, табиғи шырынды алма өңір тұрғындарының ерекше сұранысына ие болып отыр.

Ал Еңбек ері Имамзада Шағыртаев басқаратын «Таң ЛТД» ЖШС биыл 3000 гектар жерге егін еккен. Оның

Айта кетейік, жалпы облыс бойынша 189 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 85,6 мың гектар.

Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында биыл диқан қауымға су қажет деңгейде жеткізілді. Шаруашылық құрылымдары да егілген дақылдарға күтіп-баптау жұмыстарын агротехникалық талаптарға сай жүргізді. Сыр диқандары суды үнемдеу мақсатында кейінгі 10 жыл көлемінде күріш егістігінің 55 мың гектарын лазерлік әдіспен тегістеген. Алдағы 5

жылда бұл 72 мың гектарға жеткізіледі деген жоспар бар. Сонымен қатар, егін жинау жұмыстары қажетті техникалармен, жанар-жағармаймен, минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілген. Қазір өңірде егін жинау жұмыстары қарқынды түрде жүріп жатыр.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ

Байқоңырда VII «Халықтар достығы» қалалық ұлттық мәдениеттер фестивалі өтті.

Фестиваль халықтар арасындағы достықты нығайту, ұлттар мәдениетінің өзіндік ерекшелігін ашу, әртүрлі этностардың көзқарастарына, нанымдарына, рухани және эстетикалық құндылықтарына төзімділікті қалыптастыру мен ұлтаралық байланысты нығайту мақсатында ұйымдастырылды. Шараға Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы өңірлерінен келген өкілдер, қалалық кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдарынан құралған топтар қатысты.

Орталық алаңда өткен ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин қатысып, қала қонақтары мен шараға жиылғандарды құттықтап, жылы лебізін білдірді. Қайрат Нұртай өз сөзінде ұлттық мәдениеттер фестивалі Байқоңыр мен Қызылорда облысында тұратын түрлі этнос өкілдері үшін достық мерекесіне айналғанын атап өтті.

Жиылғандар назарына «Достық шеруі», «Ғасырлар тереңінен» атты ұлттық тағамдардың, «Шеберлер қаласы» атты сәндік-қолданбалы өнер, «Халықтар достығы – халық байлығы» атты бейнелеу шығармашылығының байқау-көрмелері ұсынылды.

Сонымен қатар спорттық ойындарға да кезек берілді. Атап айтқанда, «Достастық» командалық эстафетасы, «Халық ойындары» спорттық жарыстары келушілердің қызығушылығын арттырады. «Достық» дөңгелек биі мен «Байқоңыр – менің қалам» байқауы ынтымақ пен бірлікті паш еткен фестиваль мазмұнын байыта түсті.

Кезекті мәрте өткен дәстүрлі шарада ұлттық тағамдардан, қолөнерден, мәдениет пен руханият туралы кеңінен мағлұмат беріліп, шеберлік сыныптары көрсетілді. Онда шеберлер шығармашылық әдіспен жұмыс жасау тәжірибесін бөлісті. Спорттық сайыстарда қатысушы командалар жүлделі орындар үшін белсенділік танытты.

«СБ» ақпарат

ДАРИЯ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ҚҰЙҚАЛЫ ҚОНЫС

ТАРИХ – ӨТКЕН КҮНДЕР АЙНАСЫ

Әріге бойласақ, бұл ауылдың бұрынғы атауы «Александровск» болды. Сырдария өзенінің оң жағалауына орналасқан елді мекеннің өткеніне көз жүгіртсек, патшалық Ресей кезеңіне кетеді. Нақтырақ айтсақ, бұл жерге 1853-1854 жылдары ішкі Ресейден орыс шаруалары жер аударылып келген. Кейінірек жергілікті қазақтар орыстардың еңбеккештігіне риза болып, ауылды «Александровск» деп атап кеткен. Ал патша заманында отаршыл пиғылдағы саясаттың қалай жүргізілгенін, переселендердің қазақ жеріне, оның ішінде Сырдария аумағына келгенін көзіқарақты оқырман біледі.

Қазан революциясының жеңісінен кейін ол «№18» ауыл атанған. Кеңес дәуірі кезеңінде іргесі 1929 жылы қаланған «Комсомол» ұжымшарына (қазіргі «Қызылжарма» ауылдық округі) қараған. Ал 1950 жылдары колхоздар ірілендірілген

кезде «Колос» және «Комсомол» колхоздары қосылып, «Талсуат» ауылы осы колхоздың бөлімшесі болған. Сол кезеңде ауыл Тереңөзек ауданына қарады. Ал 1950 жылдары колхоздар ірілендірілген кезде «Колос» және «Комсомол» колхоздарын қосып, «Талсуат» осы колхоздың бөлімшесі болып қалған.

1967 жылы «Александровскіде» геологтар мекемесі құрылып, жеке тұрғын үйлер салына бастайды. Мекеменің өз алдына балабақшасы, дүкені, асханасы, клубы, орталық жылу мен таза ауызсу жүйелері жасалып, жас мамандар тұрақтаған. Олардың басым бөлігі өзге ұлт өкілдерінен еді.

Халық депутаттары Қызылорда облыстық кеңесі төрағасының 1992 жылдың 4 мамырындағы № 27 қаулысымен «Қызылжарма» ауылдық кеңесінің «Комсомол», «Геологтар» және «Александровск» ауылдары Қызылорда қаласының әкімшілік-аумақтық бағыныштылығына беріледі. «Талсуат» 2005 жылға дейін «Қызылжарма» ауылдық округі құрамында болды. Қызылорда қаласы әкімдігі мен қалалық мәслихаттың 2004 жылғы 30 қарашадағы бірлескен шешімі негізінде жаңадан 2005 жылдың 5 қаңтарында «Талсуат» ауылдық округі болып құрылды. Сол жылы мұндағы тұрғындар саны 972 адамды құрады.

«Талсуат» ауылдық округі «Талсуат», «Геолог» ауылы және «№11 бекет» болып бөлінеді. Соңғы жиырма жылдан бері ауыл өсіп-өркендеді. Таратып айтсақ, 2007 жылы ауылдағы №178 жаңа мектеп, 2009 жылы жаңа ауылдық дәрігерлік амбулатория, 2014 жылы 90 орындық балабақша пайдалануға берілді. Балаларға арналған 2 ойын алаңы салынды. 5,5 шақырым болатын типтік жобадағы ауызсу құбыры тартылды. 2010 жылы Жеңістің 65 жылдық құрметіне орай

1-бет

«Ер есімі – ел есінде» тағзым алаңы демеушілер көмегімен салынды. 2006 жылы «Ерназар мақсұм» мешіті халық ығілігіне пайдалануға берілді. Жас мамандарға арналған 4 тұрғын үй салынды. 150 орындық Мүгедектерді оңалту орталығы, 200 орындық балаларға арналған психоневрологиялық интернат үйі 2012 жылы пайдалануға берілсе, 2016 жылы «Талсуат» ауылдық округі аумағында №2 «Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ашылды. Осы әлеуметтік үш нысанда 850 адам қызмет атқарса, оның 251-і – ауыл тұрғындары. 2016 жылы «Талсуат» ауылдық округінде 31,5 шақырым газ құбыры тартылып, елді мекен толықтай «көгілдір отынға» қосылды.

Жеке кәсіпкер А.Керейбаева монша және шаштараз құрылысын аяқтап, 2017 жылдың желтоқсан айында халық ығілігіне пайдалануға берілді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ

Қай елді мекен болсын бірінші кезекте жол, түнгі жарық мәселесі өзекті екені белгілі. Биылғы жылы ауылдағы С.Нұрмағанбетов, Ақмешіт, Атырау және Құмкөл көшелеріне жаяу жүргіншілер жолы салынды. Ал түнгі жарық бағаналарын орнатуға биыл бюджеттен 4 млн 317 мың теңге қаражат бөлініп, жылдың екінші тоқсанында Сейхун және Ақтау көшелеріне жарық бағаналары орнатылған. Ауыл әкімінің айтуынша, қаржы толық игеріліпті. Бұған қоса, елді мекендегі көшелердің түнгі жарық бағаналарын (барлығы 214 бағана) күтіп-ұстау жұмыстарына 11 млн теңгенің үстінде қаражат қаралған. Абаттандыру жұмыстарын жалғастыру мақсатында «Талсуат» ауылындағы балалардың ойын алаңына 2 млн 881 мың теңге бөлініп, жөндеу жұмыстар жүргізілген.

Айта кетейік, былтыр тұрғындардың сұранысына сәйкес ауылдық

округтегі 8 көшеге асфальт төсеу жұмыстары жүргізіліп, 2 көшеге жарық бағанасы орнатылды. Сондай-ақ 13 көше электр желісімен жабдықталыпты. Алдағы уақытта

тағы 5 көшеге түнгі жарық жүргізу жоспарланып отыр. Бұл жобаның құны – 51 млн 980 мың теңге. Қаржы бөлінсе Ақмешіт, Астана, Алматы, Отырар және О.Сауытбаев көшелеріне түнгі жарық орнатылады.

Сондай-ақ жоба-сметалық құжаттары әзірленген 4 көшеге тротуар жүргізу жұмысына тиісті басқармаға бюджеттік өтінім ұсынылып, қаржы бөлінуі күтілуде. Бұл жобаның құны – 53 млн 911 мың теңге.

КӘСІП ТҮБІ – НӘСІП

Қуаныштысы, кейінгі жылдары аймақтың көптеген елді мекенінде шағын кәсіпкерлік дамып келеді. Сапарға шыққанда оған өзіміз куә болып жүрміз. Бүгінгі таңда ауылдық округ бойынша 180 шағын кәсіпкерлік нысан жұмыс істеп тұр. Оның 7-уі ЖШС, 5-уі шаруа қожалығы, біреуі АӨК, қалған 167-сі жеке кәсіпкер. Жыл басынан бері жаңадан 4 кәсіпкерлік нысан тіркелген.

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде

атқарылған жұмыстардың нәтижесінде «Микробизнес-Қызылорда» несие ұйымы арқылы 1 кәсіпкер «Іскер» бағдарламасымен 5 млн теңге, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы 1 кәсіпкер 4,8 млн теңге несие алып, есепті мерзімде осы 2 азаматтың 9,8 млн теңге жобасы қолдау тапты.

Ал қайтарымсыз грант бойынша (көлемі 400 АЕК) 2 жоба қолдау алды. Жоба құны 2 млн 953 мың 600 теңге (МІҚ мал басын көбейту, кондитер өнімдерін шығару). Мемлекеттік бағдарлама ығілігінен бұл ауылдың тұрғындары да шет қалып отырған жоқ деген сөз. «Кәсіпкерлік саласын дамыту тұрақты назарда» дейді ауыл әкімі. Мәселен, былтыр ауылдың 4 тұрғыны грант иегері атанып, түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында 13 жоба қаржыландырыпты. Бұл жобалардың ішінде клиника, жылыжай құрылысын жүргізу, мал басын көбейту және жүк тасымалдау жобалары қамтылған.

Жақында ауылда қолғап шығаратын және киім тігетін цех ашылмақ. Бұған қоса, кәсіпкер Қайрат Қуанышбаев ет өнімдерін өңдеу өндірісін қолға алыпты. Бұл жобалардың қолданысқа берілер күні алыс емес. Ал өткен жылы жеке кәсіпкер Дөңес Күншығаров «Микробизнес-Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығы арқылы 7,5 млн теңге қаржы алып, жылыжай құрылысын салды. Бүгінгі таңда ол көкөніс егумен айналысуда. Ал Жанат Тоқмейілова («Нұрай» ЖК) өткен жылдың желтоқсан айында «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 7 млн теңге жеңілдетілген несие алып, мал басын асылдандыру (мүйізді ірі қара) жобасын жүзеге асырып жатыр. Айта кетейік, нақты кезеңде ауылдағы мал саны 2790 басты құрап, өткен жылмен салыстырғанда 1,3 пайызға өскен.

«Есепті мерзімде мемлекет тарапынан 18 отбасына (199 адам) 2 млн 865 мың теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Сонымен қатар, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен әлеуметтік жағынан аз қамтылған 30 отбасына азық-түліктей және басқа да қолдау шаралары ұйымдастырылды» дейді Е.Бисенбаев.

Ауылдық округте экономикалық белсенді халық саны 1115 адамды құрайды. Оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтып отырғандар саны – 190 адам.

Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатыстыру арқылы жұмыссыз 10 адам қоғамдық жұмысқа жіберілсе, 3 адам жастар практикасына, 5 азамат «Күміс жас» бағдарламасымен қамтылды. 20 азамат тұрақты жұмысқа орналасып, жұмыссыздар саны 5 адамды (0,5 %) құрап отыр.

Ауылдық округтегі тұрғындардың рухани байлығын дамыту мақсатында мұнда бір клуб пен 11 мыңға жуық кітап қоры бар кітапхана жұмыс істеп тұр. Олар биылғы ақпан айында қолданысқа берілген мәдениет үйі ғимаратында орналасқан. «Талсуат» ауылдық клубы» МҚК-нің меңгерушісі Айнагүл Жайдариеваның айтуынша, өскелең ұрпақтың уақытты тиімді пайдалануы үшін барлық жағдай жасалған. Клубта 6 үйірме тұрақты жұмыс істейді. «Жас дәурен» мен «Әсем әуен» дәстүрлі ән үйірмесі, «Аққербез» би және «Алақай» балалар қуыршақ-драма, көркемсөз үйірмесі, «Ісмер» қолөнер үйірмелерінде барлығы 103 бала бар. Сонымен қатар «Ақ әже» ансамблі, «Талсуат еріктілері» тобы да өз жұмысын жүргізіп келеді.

Иә, «Талсуатта» қай жағынан қарасақ та алға адымдап өркендеу бар.

Дәуіржан АЙБОЛАТҰЛЫ,
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Аймақтағы жылу желілерінің ұзындығы 216,7 шақырым, тозу деңгейі 44,6 пайыз. Бюджеттен 6 жобаны іске асыруға 6,9 млрд теңге берілді, 9,5 шақырым жылу желісінің 8,8 шақырымына жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, 93 пайызы бітті. Нәтижесінде жылу желілерінің тозу деңгейі 41,8 пайызға дейін төмендеді.

Енді әлеуметтік нысандардың дайындығына тоқталар болсақ, облыстағы 1067 әлеуметтік нысанның 532-сі білім беру, 247-сі денсаулық сақтау, 288-і мәдениет пен спорт саласына тиесілі. Олар қыс мезгіліне сақадай сай.

Дәл осындай ауқымды жұмыстар аудандарда да қарқынды жүргізілуде. Мәселен, Қазалы аудан тұрғындарына қажетті қатты отынның мөлшері белгіленіп, жеткізу жағы шешімін тапқан. Осы орайда аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет көмір тасымалдаушы кәсіпкерлермен кездесті. Жылу беру маусымында ауданға 19 мың тонна көмір қажет деп жоспарланған. Басқа облыстардан

тасымалданатын болғандықтан, бағасына әсер ететіні белгілі. Осы ретте қатты отын тапшылығын болдырмау үшін тасымалдаушылармен бірлесіп жұмыс жасалуда.

Облысқа қажетті көмір қоры 192,8 мың тонна. Оның ішінде тұрғындарға 164,5 мың, әлеуметтік нысандар үшін 28,3 мың тонна қажет. Бүгінге дейін 18,6 мың тонна көмір жеткізілді. Көмір қоймаларында 27 мың тонна қор бар, 26 өңірлік оператор жұмыс істейді. Оның 9-ы – ЖШС, 17-сі –жеке кәсіпкер.

Көмір тамыз айында жеткізіліп бастаған. «Шұбаркөл», «Қаражыра», «Екібастұз» түрлерінің тоннасы 17000-23000 теңгеге бағалануда. Қыстың қамын жаз ойлаған тұрғындар ерте бастан түсіруге қамданған, кезек жоқ. Бастысы, сапасына көңіл толады.

Көмірдің бағасы және қоймалардағы нақты қоры, олардың мекен-жайы мен байланыс нөмірлері жөнінде көпшілікті ақпараттандыру тұрақты түрде жүргізілуде.

Жылу беру маусымының тұрақты өтуі облыс әкімінің тікелей бақылауында. Жылу орталығы мен әлеуметтік нысандардың дайындығы, тұрғындарды көмірмен қамтамасыз ету мәселелері ұдайы талқыланып келеді. Қала, аудан әкімдері мен сала басшыларына жылу беру маусымына дайындықты сапалы жүргізу, мерзімінде аяқтау, көмір тапшылығын болдырмауда өңірлік операторлармен тиісті жұмыс атқару тапсырылды.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет

«ЖАСӨСПІРІМ» ІС-ШАРАСЫ

Қыркүйектің 17-сі мен 19-ы аралығында облыс аумағында кәмелетке толмағандар және оларға қарсы жасалатын қылмыс пен құқықбұзушылықты анықтау, алдын алу, сондай-ақ балалардың қадағалаусыз қалу жайттарының алдын алу, кәмелетке толмағандар және қолайсыз отбасылармен профилактикалық жұмыстар жүргізу, құқықтық сауаттылығын арттыру бағытындағы «Жасөспірім» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Іс-шара барысында мектеп оқушылары мен оқу орындары жастары арасында профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, құқықбұзушылық жасауға бейім жасөспірімдерді, кәмелетке толмағандар және оларға қарсы жасалатын қылмыс пен құқықбұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ құқықтық сауаттылығын арттыру жұмыстары жан-жақты жүргізілді.

А.ПРЕЖЕКЕНОВ,
Қызылорда КПБ ЖПҚб ЮПб бастығы,
полиция капитаны

№145-146 (20819-20820) 21 қыркүйек, сенбі 2024 жыл

МЕРЕЙ

Лирикам менің, қамыкпа!

Қазақтың талантты ақыны, жерлесіміз Бақытжан Абызов – 80-жылдардың орта шенінде төл поэзиямызға жаңа мәнермен, дара дауыспен жазғы найзағайдай жарқылдап жаңбырлата келген тегеурінді толқынның бірегей өкілі. Ол жауһар жыр дарыған Сыр өлкесінің «Тартоғай» ауылында 1959 жылы 3 тамызда дүниеге келген. 1982 жылы қазіргі әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. «Темірқанат» («Жалын» баспасы, 1981 ж.), «Қарлығаш» («Жазушы» баспасы, 1984 ж.) студенттік ұжымдық жыр жинақтарына таңдаулы өлеңдері енген. 1985 жылы «Жалын» баспасынан Олжас Сүлейменовтің алғысөзімен жарық көрген Дағыстан ақыны Магомед Әлиевтің «Қанат» атты кітабын ана тілімізге айтулы поэзия шеберлерімен бірге әдеби тәржімалауға атсалысты.

«Жанарымдағы жаңбырлар», «Уақыттың алуан түсі» кітаптары жарық көрген. Таңдаулы өлеңдері «Жыр маржаны» атты он томдық қазақ поэзиясының антологиясына кірді. Жазушы әрі аудармашы Самат Ибраимның орысшадан тәржімалаған әлемдік зор маңызға ие, 1929 жылы Белградта тұңғыш рет баспа жүзін көрген «Қолбасшы Шыңғыс хан және оның мұрасы» атты кітаптың редакторы болды.

Поэзиядан бөлек, Бақытжан Абызов «Ұлжан» қазақ-француз фильмі киносценарийінің тәржімасын шеберлікпен атқарып шықты. Сондай-ақ оның қазіргі заманғы отандық мәдениет пен тарих саласындағы академиялық еңбектер – «Қазақстандық балалар энциклопедиясы» сериясымен ана тілімізде жарық көрген «Қазақ хандығы» және «Ұлы дала мемлекеттері» атты көлемді кітаптардың, орыс тіліндегі «Культура Казахстана» энциклопедиялық анықтамалық томының әзірленуіне үлес қосқанын атап айту абзал.

«Сыр бойы» газеті әдеттегі игі дәстүрмен өзінің айнымас авторы, ақын, тәржімашы, мәдениеттанушы Бақытжан Абызовтың бір топ жаңа жырларын жырсүйер қауымға ұсынып отыр.

ҚЫРКҮЙЕК. МЕН. ЖОЛ ҮСТІ

Күрең мезгіл. Сылқ-сылқ күлген
Қыркүйек,
Кербезденіп Тоғысқа арқа тұр сүйеп.
Нар қамыстар сар кекілі будырап,
Ызыңдаған жел екеуміз – бір күй ек.

Сол күй қайда бебеулеген қанымда,
Бозқырауда сібірлеген таңым ба?
Дөңгеленген жапырақтай баянсыз,
Мазаң күйім, енді сен де дамылда!

Қыркүйегім – әлдилеген өз әнім,
Әнімді мен алты қырға созамын.
Алтын алқап. Сабан басы тоғайып,
Іңір түсті шоғындай боп қозаның.

Сұлу сүгірет сезім тербеп толқытпақ,
Қимасымнан көз жазардай қорқып қап.
Қара жолда қалың ойдың үстінде,
Мен келемін Қыркүйекті қолтықтап...

ТОРАҢҒЫЛ ТОҒАЙЫ

Сырғасы жез жамбыдай торанғылдар,
Сендер қайдан топтанып оралдыңдар?
Балапан бұтақ болып сыбдыр еткен,
Тоғайым нуға айналар – қалар жылдар.

Бүршік атқан жас демің жанымда тұр,
Өткенді ойға ап қараймын
сағымға құр.
Шіркейліден көш түзеп Жалағашқа,
Жол бойында қол бұлғап қалып жатыр.

Айырбасқа берер ем – мың қайыңға,
Сені көріп сол бір кез тұрды ойымда.
Жамырап жарысасың менен қалмай,
Қол ұстасқан шоқ тоғай Сыр бойында.

Ұлан жолда мың тағдыр,
мың көлік бар,
Ырғалады сәлем сап, бүрленіп тал.
Боқыраудың суығы ұрмай тұрып,
Қанекей, ілес маған, үлгеріп қал!

КЕТЕЙІКШІ АУЫЛҒА...

Кетейікші ауылға – Тартоғайға,
Аңсап жаным тұратын орта қайда?
Қара жолға іліксем түседі еске,
Бозбала шақ...
Тұрады қалқа да ойда.

Табиғатпен Тартоғай достас па еді?
Еміп Сырды жататын Бектас көлі.
Мінгізді де пойызға – Алматыға,
Аттандырды шәкірт қып
жап-жас мені...

Бұйрат құмдар жататын бұйраланып,
Жанарыма кең дүние сыйғаны анық.
Көктің тысы жыртылып, құйып нөсер,
Кетуші еді жылғалар билеп алып.

Мама ағашқа асауды күрмеп байлап,
Жүретінбіз сақа атып, шілдік ойнап.
Біріміздің біріміз жалақ алып,
Қашатұғын қоямын құрбыны ойлап...

Аяймын елден кеткен кей інімді,
Тоқ та болса тұрмысы. Ойы мұңды.
Ауыл деген – қазақ қой аңқылдаған,
Саған, маған сыйлаған мейірімді.

Бақпай күнде шаһардың қас-қабағын,
Өзімізді қинамай босқа, жаным.
Жатайықшы армансыз аунап-қунап,
Кетейікші ауылға. Таста бәрін!..

КЕҢ ЖЫЛЫОЙ – КЕНЕН КӨҢІЛ, КӨП САҒЫНЫШ

Тіктеп келе жатқандай енді бойын,
Саған келсем, жаным жаз,
мөлдір ойым.
Қауқылдасып қарсы алар Құлсарыдан,
Қашанда аңсап күтер Кең Жылыойым.

Сағыздан сапар сазы әлдилейді,
Қай кезде бармадың не, бардың мейлі?
– Доссор жақтан асығыс
кеп қапсыздар,
– Атыраудан мен күтіп қалдым,–
дейді.

Жайықта көп осындай нән құдалар,
Дәм-тұзын тартатұғын алдыңа бар.
Қонақасы әр үйде күтіп тұрар,
Қалдырмай жалқы мезет қалғып алар.

Мен осылай Сыр жақтан сапар шектім,
Қызығына тоймастан жатам көп күн.
Жылыой деген өлке емес, шежіре ғой,
Ізі қалған Исатай, Махамбеттің!

ШӨЛІРКЕП КЕТІП БАРАСЫҢ...

Табанды құмға күйгізіп,
Бетімді желге сүйгізіп,
Толқынға қарсы жүзгізіп.
Жағаңда өткен, қайран Сыр,
Балалық шақ та бір қызық!

Толқынды толқын қуатын,
Кемерді келіп жуатын,
Соққанда дауыл сұрапыл.
Кең балақ киген бір бала,
Тұратын үнсіз, бір ақын.

Шыққанда жайлау сыртына,
Жалбыздың иісі бұрқырап,
Үйезде, жылқы шұрқырап.
Салқын сабатқа баратын,
Сабаттың басы – мың тұма...

Төгіліп түнде Айдан нұр,
Жазсам деп едім жайраң жыр,
Тимеді, қайтем, пайдам бір?
Шөліркеп кетіп барасың,
Қол бұлғап маған, қайран Сыр!

ҚЫЗЫЛОРДА

Көрмедім сендей қаланы,
Бөлек қой адамдары да.
Гүл өсіп кетіп барады,
Нық басқан қадамдарында.

Үзілмей еңбек күйлері,
Жалыны жерді өртеді.
Бейімбет, Ілияс үйлері,
Тарихтан сырлар шертеді...

Мен кейде өстіп марқайдым,
Алысқа кетсе атағы.
Өнер отауы – Нартайдың,
Жақаевтардың Отаны.

Тамбаса жаздай жауыны,
Емес ол бұған айыпты.
Қалмақандардың ауылы
Ауылы ол – Тәжібаевтың.

Ақын да емес бұл қала,
Шежіре жасау – борышың.
Міндетің осы бір ғана,
Ұлдарың бар ғой сол үшін!

Өндіріс орны от өріп,
Тартылған еңбек күйлері.
Барады бойын көтеріп,
Шағын ауданның үйлері.

Қара жел әнтек соғады,
Көтеріп өтіп жол шаңын.
Достармен жүріп шамалы,
Бой жазып, бір уақ шаршадым.

Ауыл-ел, жұртым, дін аман,
Көбейсін тойлар бұл маңда,
Әманда іштей қуанам,
Сыр ұлы болып туғанға!

АҢСАУ

Кәрі торанғыл бүршігі,
Телеграфтың қыл сымы
Көктемді жырлап тұр,
Аудандық газеттің бетінде,
Этюді фототілшінің.

Сәбидің күлкісі бейнелі,
Апыл да тапыл жүгірген жейделі.
Көңілдің пернесін уыз бір әуен,
Басып қап әдемі үндестік,
Табиғат сөйледі.

Ақпанның ең соңғы ақ қары,
Даланың қақтары
Ағады жіңішке арнамен.
Үйлерге сүйіншісін сұрап барады,
Солдаттың хаттары.

Жел шайқап қара торғайдың ұясын,
Тербеген самалды кеудеңе құясың.
Дәптердің бетінде ормандар,
қыраттар,
Көктеме жайлы мен жазған өлеңнің,
Кепкен жоқ сиясы.

Алматы көктемі, ауылдың көктемі,
Сарша құм көктеді, парк те көктеді.
Көп болды мен сенен кеткелі
Ауылдың мектебі.
Уақыты ысырып тастапты-ау,
Сені де шеткері...

ОН СЕГІЗ. ӨЛЕҢ ЖӘНЕ МЕН

Бейқам дүние,
бозбалалық болмыспен,
Өлеңге ендім, өрендігім болды үстем.
Мінезімді танытармын жыр жанды,
Талайларға ту сыртымнан тон пішкен.

Өмір-дода.
Көкпар-тірлік, өңгеріп,
Қондым ерге мен де мығым,
жөнделіп.
Тұғыр туар. Тұлпар қайтып келер ме?
Құлагердің ажалы – Адам. Пенделік.

Шықсам-дағы дүсірлетіп, қырға кеш,
Бере қойман адуынды жырға дес.
Он сегіздей түбіт иек інісін,
Еркелетер арғымақтай Жиырма бес.

Өлең – Өмір. Осы, бауырым,
көнсеңіз,
Дауылын да, жауынын да көрсеңіз.
Жыр-парағым жасыл кілем секілді,
Жауқазындай гүлдер жауған Он сегіз!

ІҢКӘРЛЫҚ. ӨМІР – САХНА

Беймәлім сапарым...
Құшағын жол жайды,
– Қашанғы Төлеген-ғашықтар
сорлайды, –
Дегенді естіген
Тағдыр тас – сол қайғы.
Махаббат – бұл деген күрделі драма,
Ал, драма қайғысыз болмайды.

Үлкен оқиғадағы Ғашық актерлер –
екеуміз,
Жалындап жанамыз...
Сәлден соң бөтенбіз.
Амал не?
Келістіре алмайды екенбіз.
Біздегі айырма – көрініс көңілсіз,
Суысып. Содан соң...
Бөлініп кетерміз.

САПАРҒА ШЫҒУ

Жолым ауыр ма?
Сан қилы кезеңдерде,
Мен көрмеген жалбыр тау,
өзендерде.
Бекежан-тағдыр да қалтырай ма,
Төлеген-ақынның сөзі өлмей, өзі
өлгенде.

Тәрк етіп бәрі, бәрін де,
Шындықпен күйдіріп арсыз жаланы.
Қасқайып қарсы алған ажалдың
аранын,
Өзінің соңғы әнін де еліне арнаған,
Ақандай елінің сүйіктісі боп қалады.

Жеріндей Көкшенің,
Жазира жап-жасыл, жаңбырын
төксе күн.
Жатайын нөсерге жуынып шалғында,
Жетеле мені алға, бек сенім.

Бақыт па екен – бұл,
Ұлы жолдардан тосып алатын,
Аяулысындай айнымас досы болатын.
Уақыт па екен – Жыр,
Мені де сапарда қасына алатын!

ЛИРИКАМ МЕНІҢ

Лирикам менің – қолаң шаш,
гүл ерін,
Еліктің ерке лағындай менің ақылдым.
Жыр жазбағанмен, ақын ғой
сенің жүрегін,
Жырламаса жүрек аяулысы болу қиын
ақынның.

Лирикам менің, кеудемде
сансыз неше өлең,
Сырлы әуездерден тұратын бейне
күйсандық.
Көгілдір көктем сен келе жатқан
көшемен,
Күркіреп өтті, жауынның жұпар
иісі аңқып.

Лирикам менің, жапырылып қалған
шалғында,
Раушан гүлдің қауызынан жетім
шық тамып.
Адамнан өзге табынушылар да бар
мұнда,
Ботаника бағы тұр Афродитаға
сұқтанып.

Лирикам менің, қамықпа,
келісейікші мынаған,
Аппақ нөсердің тез өтетінін соң
ұққам.
Шабыт буғанда, жанарымды
кейде шылағам,
Махаббатымның сен тек
сүйіктісі болып қал!

ТҮЙЕ МЕН ТРАКТАТ

Алтын артқан қоңыраулы
талай керуен,
Болған-ды Сахараның құм құрбаны.
Қызыл нар Шығыстан
бір арай көрген,
Жеткізбей он мыңдаған
жылдың жалы.

Тарихта бізге жұмбақ бәдәуидің,
Түйесі шығармай-ақ бір-ақ та атын.
Он бір ғасыр жол жүріп Фарабидің,
Жайып салды әлемдік трактатын...

КАСПИЙГЕ ҚАРАП, АРАЛДЫ ЕСКЕ АЛУ

Біреу сені теңіз дейді,
Біреу сені көл дейді.
Екеуіне де емізбейді.
Екеуі де шөлдейді.

Саған берген атақ-аты,
Біреуінде – қателік.
Екіншінің – махаббаты –
Саған өзен әкеліп.

Құятындай, қайта жасап тарихын,
Айтатұғын:
– Теңіз, – деп.
Ал, біреуі – тек картадан танитын,
Келмейтұғын:
Сені іздеп.

Кейде, кейде, кешіре гөр, о, Теңіз!
Мәселеңді шөлдетіп ап шешеміз.
О бастан-ақ Сен едің ғой – Әкеміз,
О бастан-ақ Сен едің ғой – Шешеміз,
Қолымызда шайқалып тұр кесеміз...

Бақытжан АБЫЗОВ

СЫРДЫҢ ҒАЛЫМ ПЕРЗЕНТІ

Белгілі әдебиеттанушы, фольклортанушы ғалым, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұлағатты ұстазы Бисенбаев Пазылбек Қуанбайұлы мерейлі жасқа толып отыр.

Пазылбек Қуанбайұлы 1964 жылы 18 шілдеде Қазалы ауданында туған. 1990 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдағаннан бері ғылым мен білім саласынан, өзінің туған университетінен қол үзбей, отыз жылдан астам уақыт әдебиеттану мен педагогика саласында талмай еңбек етіп, тер төгіп келеді. Alma-mater ҚазҰУ-ға деген құрметімен, өз мамандығына деген зор жауапкершілігімен үлкен еңбек жолынан өтіп, қасиетті орда – қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ардагер ұстаздарының қатарына қосылды. Ғалымның жолы – парасаттылық пен сабырдың, білім мен ғылымның, адалдық пен әділдіктің, мейірімділік пен қарапайымдылықтың жолы!

Ұзақ жылдар бойы өзі таңдаған әдебиет атты әлемге, оның тарихына терең бойлап, ана тілімен қатар араб тілін меңгерген филолог-маман ретінде әдеби мұраларды түгендеу жолында еңбек етті. «Қазақтың көне эпосы», «Нысанбай жырау» жинағын, «Қазақ халық әдебиеті» сериясымен шыққан көптомдықтарды құрастырушылардың бірі болды. Оның «Тарихи жырлар», «XIX ғасырдағы тарихи жырлар», «Кенесары–Наурызбай туралы тарихи-фольклорлық үлгілер», «Шығыстық қисса-дастандар: нұсқалары мен типологиясы», «Жүсіп туралы қисса-дастандар» атты оқу құралдары мен «Қазақтың көне эпосы» кітабы оқу үдерісінде кеңінен пайдаланылады. Оның қаламынан туған «Жүсіп-Зылиха дастанының нұсқалары: дәстүр мен жаңашылдық» атты монография қазақ әдебиеттану ғылымына елеулі үлес болып қосылды.

Ол абайтану ғылымының өркендеуіне де үлкен үлес қосты. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, «Абай институтының хабаршысы» журналының ғылыми редакторы, институт вебсайтының бас редакторы қызметтерін қатар атқарып келеді. Абай ҒЗИ-да жарық көрген елу томдық «Абайтану. Таңдамалы еңбектерін» баспаға дайындаушы хатшылар тобының жетекшісі ретінде дайындау, құрастыру жұмыстарына белсене атсалысты. Сондай-ақ балаларға арналған «Абай» кітапшасының құрастырушы авторы. Осындай қажырлы еңбегі бағаланып, 2020 жылы ТҮРКСОЙ ұйымының Құрмет грамотасымен, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

МЕРЕЙ

ҚҰЛБАЕВ ФЕНОМЕНІ

Қырман меңгерушісі Райыс ағай ылғи «Мен сендерге бір қызық айтайын» деп бастайтын әңгімесін. «Қырманда сары плащ киген бір кісі жүр, облыс әкімі Сапарбаевқа ұқсайтын сияқты, қазір төбеде күріш тазалайтын агрегаттардың қасында тұр» деді қалың көзілдірігінің шаңын сүртіп тұрып. Шаруашылық басшысы екеуміз бірден «қой» деппіз. Далаға атып шығып төбе жаққа қарасақ, шынымен Сапарбаев Бердібек Машбекұлы екен. Төмен түсе «Қырман тасысын!» деп біздің сәлемімізді ақжарқын пейілмен алып жатыр. Аймақ басшысының біздің шағын ауылымызға ескертпей келуі таңғалдырды. Қасында тек жүргізушісі. Қалжан ахун шаруашылығының директоры Құлбаев Алданберген Бодыбайұлы ағамыз да қонақты қырман қосына қарай бастап, шаруашылықтың жай-күйімен таныстырып әбігер болуда. Алдекеңнің де осы шаруашылыққа басшы болып қайта келгеніне көп болған жоқ еді. Алдыңғы қызметі облыстық орман шаруашылығының бас директоры болған.

Бердібек Машбекұлы қырман қосында асықпай шай ішіп отырып, әңгіме үстінде аймақтағы жаңалықтарды бөлісті. «Менің аяқасты ауылдарыңа келуім, сіздерді ойландырып отырған шығар» деп ашық әңгімеге көшті. «Көкейімде көптен бері мазалап жүрген жұмысым, Алдеке, өзіңізбен кездесіп, алдыңыздан өту еді. Ойпырмай бұл қалай болды?» деп ренжіп те жүрген шығарсыз. «Облыстың кадрлық саясатына байланысты сізді өзіңіздің абыройлы жұмыс істеп кеткен шаруашылығыңызға қайта әкелуге тура келді. Сіздің ел алдындағы еңбегіңізді бағалап, алдағы жұмыстарыңызға табыс тілеп, әлде де бірге жұмыс істейміз деген сеніммен келіп отырмын» деп тұрып Алдекеңнің қолын алды. Қазір ойлап отырсам, Алдекеңнің алдына аймақ басшысының, кейін министр, Премьер-министрдің орынбасары, еліміздің тағы да бес облысының әкімі болатын тұлғаның бұлай келуі үлкен абырой және алдағы жұмыстарына сәттілік әкелді деп ойлаймын. Талай жетістіктер мен қиындықтардан абыроймен өтіп, әлде де аяғы үзеңгіден кеткен жоқ. Сол кездесу менің есімнен кетпейді. Өйткені облыс әкімімен әңгіме-дүкен құрған аз уақытта ол қазаққа тән «Ұлық болсаң, кішік бол» дейтін ізеттілік пен әдептіліктің, құрмет пен адамгершіліктің жоғары құндылығын көрсетіп кетті. Бұл 1997 жылдың күзі болатын.

Алдекең бұл шаруашылыққа алғашқы директор болып келгенде 1985 жылы 36 жаста екен. Шаруашылық «21 партсъезд совхозы» болып аталып, оған «Қызылдихан» және Қалжан ахун (бұрынғы Жетінші) елді мекендері қарайтын. Совхоздың орталығын «Қызылдиханнан» Қалжан ахун елді мекеніне көшіріп жатқан кезде қабылдап алды. Алғашқы тәңертеңгі нарядтарды (планировканы) Қалжан ахун каналының жағасында, бөрененің үстінде, келешек техникалар тұратын тұрақ орнында жасап жүрді. Шаруашылықтың негізгі жұмысы күріш егу болғанымен, қосымша мал бордақылау, құрылыс салу, көкөніс-бақша егу, балық-құс асырау жұмыстары алда күтіп тұрды.

1986-1989 жылдары совхоз мемлекетке астық тапсыру міндеттемесін орындау бойынша ауданда бірінші орында болды. Өндіріс бригадирлері Қуаныш Мықбаев, Жарылқасын Ерташев, Зайдағали Жүсіпбаев және ең маңызды қиын саланы басқаратын шөп бригадирі Орынтай Махамбетов ағалардың ұйымдастырушылық қабілеті мен ауыл азаматтарының қажырлы еңбегінің арқасында совхоз суырылып, облыстың алдыңғы қатарына шықты. Мал басы ірі қара 5000, жылқы басы 600-ге жетті. Осы жылдары шаруашылық өз күшімен 78 үй, екі дала қосын, кеңсе, гараж, қырман салып, жеті үйдің есебінен ауыл клубының қабырғасын қалады.

Ауыл құрылыс алаңына айналып, 10 бригадада жүздің үстінде құрылысшы жұмыс істеді. Құрылысшы Самұрат Сисенов, Жақсығали Еспанов, Қасым Қожанов және Кархолев отбасы бригадалары салған тұрғын үйлер әр отбасыға қуаныш сыйлады. Малшылар күніне арнайы келген облыстың басшысы Әуелбеков Еркін Нұржанұлы жолда жүру кестесін өзгертіп, әуелі құрылысшылардың жұмысымен танысып, дала қосында әңгімелесіп отырып, сол кездегі аспазшы Жұмаш Қаюмова жеңгеміздің істеген ауқатынан ауыз тиіп, риза болыпты. Одан әрі көлікті жоспарда жоқ жақын жердегі малшы қонысына бұруға тапсырма берген. Ол кездері әр бригаданың дала қосында үкіметтің малын бағып бақташылар отыратын. Бұлар барған ескі қырман жұртындағы малшының үйінде келін түсіруге тойға дайындық жасалып, далада әйелдер түтіндетіп бауырсақ пісіріп жатыр екен. Облыс басшысы келеді деп кім ойлаған?! Бәрі асып-сасып, абыр-сабыр болып қалыпты. Еркін Нұржанұлы малшы отбасының қуанышына құтты болсын айтып, қорадағы малдың жағдайымен танысты. Күз айы, жаңбырдан кейінгі мал қораның жағдайы белгілі. Машинасынан етігін кие түскен бірінші хатшыға сықырлаған туфли кигендер ере алмай масқара болыпты. Қайтып келе жатып «бәрі дұрыс, бірақ бауырсақ пісіріп жатқан қазақтар құдайы қонаққа наннан ауыз тиіңіздер деп те айтпады ғой дегенде жерге кіріп кете жаздағанбыз» деп еске алады Алдекең. Ол кезде Әуелбеков талай басшыларды састырып мекемелерге, ауылдарға қасына нөкерлерін ертпей және ескертусіз жалғыз барады екен. Ол сапарлары қызықты аңыз әңгімеге айналып, ел арасына тарап айтылып жүретін.

Алдекең кейін аудан әкімінің орынбасары, ауыл шаруашылығы бөлімінде, «Шапағат ЛТД» бірлестігінде, «Шіркейлі», С.Сейфуллин шаруашылықтарында басшылық қызметтерде болды. Жауапкершілік пен ар-намысты алдына мақсат етіп қойған ағамыздың ол кезде де ерлікпен парапар игілікті жұмысы, қалдырған ізі аудан халқының көз алдында. Бір-ақ мысал, қиын аумалы-төкпелі заманда малдан қол үзген «Іңкәрдария» халқына егінмен айналысуына жағдай жасап, қысқа уақыт ішінде 17 драглайн экскаватор қойып, канал қазып, оның сағасына салған «Құлбай» шлюзі әлі де елдің игілігіне жарап тұр.

2001 жылы Қалжан ахун ауылында аудан әкімі Әріп Хожбановтың ұйымдастыруымен асарлатып мектеп салынды. Сол жылғы шаруашылық табысының жартысын және «келесі жылы бір нәрсесі болар, мектеп салынғаны – олжа» деп, тұқым күрішке дейін тиеп жіберген осы төраға Алдекең еді.

Екі мыңыншы жылдардың бірінші он жылдығында көптеген шаруашылықтың жұмысы жүрмей, нарыққа бейімделе алмай тоқырауға ұшырады. 2008 жылы О.Мәлібаев ауылының Дәуітбай Сақтағанов, Сымат Үсенбаев, Есентай Қозыбаев, Қосым Жөлекенов бастаған ардагерлерінің өтінішімен Алдаберген Бодыбайұлы «Қызылдихан» шаруа қожалығының төрағасы болып қайта сайланды. Ал 2012 жылы көктемде облыс әкімі Көшербаев Қырымбек Елеуұлы қатысқан аудан активінде А.Тоқмағанбетов, С.Сейфуллин, Қалжан ахун шаруашылықтарының егін еге алмай отырған жағдайы қаралды. Жиналыста Қалжан ахун ауылы тұрғындарының атынан сөйлеген Қуандық Сарыбаев ақсақалдың ұсынысымен Қалжан ахун шаруашылығы «Қызылдихан» шаруа қожалығының қарауына қамқорға алынды. Сол кездегі жағдайды төраға былай әңгімелейді:

– Екі ауылда да бірдей жағдай болыпты, ортақ қырман сатылып, техникалар тоналып, тек отын тасуға жарайтын бір-екі «Беларусь» тракторы қалған екен. Тәжірибелі күрішші-механизаторлар ауылдан жыраққа жұмысқа тұрып кеткен. Қарыз екі ауылда да шашетектен. Ең бастысы, шаруашылыққа ақша салатын инвестор іздеу қиын болыпты. Не жасыратыны бар, ағайын-туыс, жора-жолдас жағалап қарызданып, заңгерлердің көмегімен екі шаруашылықты да бірінен соң бірін банкроттыққа жіберіп, тазалауға тура келіпті. Қазір бәрі артта қалып, екі ауылдың да шаруашылықтары аяққа тұрған соң баға беру оңай, – дейді төраға. Оның артында қасымда серік болған әріптес жігіттер мен тілектес азаматтардың баға жетпес еңбегі жатыр. Олар – Нұрым Тәжібаев, Өтебай Бегманов, Өтеш Әбілов, Арысбай Ақмырзаев, Серікбай Кенжебаев, Тахир Ерғалиев, Сайфулла Анасов, Ақшағұл Мусаева, Бақтыбай Ильясов, тағы басқа да ауыл азаматтары. Ол айта берсең ұзақ әңгіме, – деді Алдекең.

«Жақсының шарапаты жалпақ елге жетеді» деп қазақ атам айтып кеткендей, қазір Құлбаев Алданберген Бодыбайұлына қарасты екі шаруашылықтың әрқайсысы 2 миллиард теңгенің үстіндегі қаражатқа жаңа техника алып жұмыс жасауда. Егін алқаптары қайта тегістеліп, су жолдары жөнделіп, жаңа қырмандар салынып, басқа да әртараптандыру жұмыстары қарқынды жүруде. Шаруашылық елдің әлеуметтік жағдайына белсене араласуда. Биыл екі төрт пәтерлік үй салынуда. «Еңбегіне қарай өнбегі» дегендей, бастысы – айлық уақытылы төленіп, сыртқа кеткен егінші-механизаторлар ауылдарына келіп жұмысын жалғастыруда.

Халқымызда «Сүйіп істеген іс шаршатпайды» деген дана сөз бар. Осы сөз биыл егін жинау науқанына қатысқанына 53 жыл болып, 75 жасқа толып отырған Құлбаев Алданберген Бодыбайұлына айтылғандай.

«Еңбек пен бақыт егіз» деп көреген халық бекер айтпайды. Жоғарыда баяндап өткен ұзақ еңбек жолының қысқаша желісі осының куәсі. Олай дейтіні Алдекеңмен табан тіресіп күні-түні сол еңбек майданында мен ауыл әкімі, ол шаруашылық басшысы болып, бір мақсат жолында бес жылдай қызмет жасадық. Ол кісі – «Жер ана» ұғымын терең түсіне білген, жерді күтіп-баптай білгенге еңбегіне қарай ол да бас иетінін мойындаған жан. Халықтың шынайы ықыласына бөленіп, оған арқа сүйеуі үлкен азаматтылықты талап етеді. Шаруалардың басына түскен қиындықтардың күрмеуін шешу үшін аса іскерлік пен шыдамдылықты қажет.

Біреудің жөнсіз сілтеуімен жүріп, байлаулы баспақ болу оның табиғатында жоқ нәрсе. Тарашылдығымен қоса қызбалығы, жөнсіз басшы мен қосшыға да иіле қоймайтын мінезі жұмысына талай рет кедергі болғанын көрдік. Кей кезде «осы қырсық біржақты мінезімнен де шығар – тілкөзден аман қалып жүргенім» деп те әзілдейді.

Алдекең елдің алғысымен қатар мемлекетіміздің де жоғарғы марапаттарына ие болды. «Құрмет» белгісі, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет», «Парасат» ордендерімен қатар «Ерен еңбегі үшін» медалінің, басқа да төсбелгілердің иегері. Марапаттардың ішінде жанына жақын тұтатыны – «Сырдария ауданының Құрметті азаматы» атағы. Ол оның жарты ғасырдан бергі егіншінің күнде таңертеңгі алтыдан басталатын еңбегіне тереңөзектіктердің берген бағасы деп біледі.

Алдекеңнің осылайша еркін жүріп еңбек етуіне қолдау көрсетіп, үйдегі бала-шағаға еге, отбасының ұйытқысы болып, бәрін реттеп отырған Күлзейнеп жеңгеміздің арқасы десем, артық айтпаған болармын. Олардың ұл-қыздары Айгүл, Эльмира, Марат, Талғат, Қанат, барлығы да – жоғары білім алып, отбасын құрып, түрлі салада қызмет етіп, ата-анасына немере-жиендерінің қызығын көрсетіп отырған азаматтар.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар. Бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әркилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап жатады.

Алданберген Бодыбайұлы – сол асулардан абыроймен өткен ел ағасы.

Марат ОМАРОВ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

ТАҒЫЛЫМ

Ол кезде Шиелі ауданынан «Өскен өңір» газеті шығатын. Осы газетке мектеп партасында отырып Жаңақорғандағы жаңалықтарды жіберемін. Баспасөз күніне мені де шақырып, марапаттады. Сонда мен белгілі қаламгерлер Серік Байхонов, Қуандық Түменбаев, Серік Пірназармен таныстым. Кейін С.Киров атындағы университеттің журналистика факультетінде қатар оқыдық.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ

1966 жылы Жаңақорған Шиелі ауданынан бөлінді. Сол кезде сегізіншіні бітіріп, тоғызыншы класқа өттім. Аудандық «Коммунизм жолы» газеті редакциясында журналистермен таныстығым бар.

Қарап отырсам, сол заман адамдарының бір-біріне деген ықыласы ерекше кезең екен ғой. Мырқы аға – газеттің редакторы. Қалжан Ысмайлов редактордың орынбасары болып келгенін айтты. Одан кейін Жақсылық Рахматуллаев, Файзулла Сахиев, Қуат Оразбековпен таныстым. Олар менің талабымды байқады ма, «редакциямен байланысып, материал жазып тұр» деді. Содан бастап қолым босаған кезде редакцияға барып жүрдім. Сол жылдың тамыз айының аяғында редакцияға соқсам Мырқы ағамыз кабинетіне ерте кірді.

– Редакция жанынан радиохабарын аштым. Бірінші қыркүйектен бастап хабар таратылады. Осы хабарды жүргізуді саған тапсырдым. Жігіттер материалды дайындап береді, – деді.

Мен бұл ұсынысты күтпеген едім. Сасып қалдым. Ойланатын ештеңе жоқ деп әңгімені созбай, кесімді байламын айттым.

Сосын:

– Онда былай істейік. Бірінші қыркүйек күні түстен кейін кел. Оған дейін материалдарды тағы бір пысықтап қоямын, – деді.

Уәде бойынша келіп «Жаңақорғаннан сөйлеп тұрмыз» деп тұңғыш хабарды тараттық. Аптасына екі рет жүргізіп отырдым.

Бірде Мырқы ағамыз жолығып қалып:

– Ауданда «Комхоз» деген мекеме бар. Сол мекемеде ауызсудың ақшасын жинау және басқа да жоспары орындалмай келеді. Фактілерін алып беремін. «Социалистік Қазақстан» газетіне осы жөнінде сын мақала жазуың керек, – деді.

Содан «Алма піс, аузыма түс» деген тақырыпта сын мақала жаздым. Мәкең үстінен өндеп болған соң «Социалистік Қазақстан» газетіне жібердім. Көп кешікпей мақала шықты. Ол кездегі баспасөздің ықпалы зор, сынға ілінген міндетті түрде жазасын алатын. Мақала ішінде айтылған адамдар тиісті жазаларын алды. Маған қырын қарағандары да болды.

Мырқы ағаның отбасы Жаңақорғанға көшіп келгенде көрші тұрдық. Үлкен қызы Бибажар, ұлдары Серік, Мейрамбек бар.

Газетке Мырқы Исаев басшылық жасаған жылдары сын мақала мен фельетон көп жазылды. Аудандағылар Мәкеңнен аяғын тартатын болды.

Редакцияда қызметтік көлік жоқ. Мәкең қай уақытта болса да жасыл түсті мотоцикліне отырып алып, ауданның шаруашылықтарын аралап қайтады. Қай жерден шағым түссе, Мәкең ағамыз аттанатын. Келген соң сын мақала не фельетонды бұрқыратып жазып тастайтын.

Ағамыз аудан басшыларымен тіл табыса алмай «Ленин жолына» меншікті тілші болып ауысты. Сондағы айтқаны «қызметтен кеттім деп өкінбеймін, қаламымды ешкім тартып алмайды» деді.

М.Исаев Жаңақорған аудандық газетінің редакторы болған жылдары ізбасар жас толқынға жол көрсетті. Журналистика мамандығын таңдауыма үлкен ықпал жасады. Қарамағындағы жас журналистерді де солай тәрбиеледі. Соның бірі – Жақсылық Рахматуллаев. Жақсылық Шайманұлы көп жыл «Сыр бойы» газетіне басшылық жасады.

Кейде өткеннің осындай әдемі естеліктері ойға оралады.

Биыл 95 жыл толған аймақтың аға басылымында көп жылдар еңбек еткен ағалардың өнегесі ұмытылмайды.

Пахмаддин АЙНАҚОЖАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
ҚР Ақпарат саласының еңбек ардагері.
Жаңақорған кенті

БІЗДІҢ ӘДІЛХАН

Біз, қазіргі аға буын өкілдері қаламы ұшқыр, шебер журналист, сырбаз Әділхан Бәйменовпен қызметтес болдық. Алматыдан Қазақ телевизиясынан ауысып, «Сыр бойы» газетіне қызметке орналасты.

Әуелгіде «Насихат» бөлімінде еңбек жолы басталды. Күн құрғатпай бұрқыратып жазды. Әсіресе, сұхбат алудың нағыз маманы екенін байқатты.

Сыр бойының ардагерлері Камал Бердәулетов, Сабыр Арыстанбаев, Ұзақ Еспанов, Зейнулла Жарқынбаев, Бименді Баймаханов жайында очерк-сұхбаттарын оқырман қауым сүйсіне оқып, білімпаздығын байқатты.

Әлі есімде Әділхан телефон соқты.

– Уа, Қайреке, қалайсыз?

– Жақсымын. Мені жай іздедің бе, Әділхан?

– Сізбен сұхбат алу жоспарда тұр. Әңгімелесуге қалайсыз? «Ақмешіт апталығы» газетін ашып, редактор болып жатырмын. Сізбен сұхбаттасудан қызметті бастағалы тұрмын.

– Құтты болсын! Нағыз орныңды тапқан екенсің. Сәт сапар!..

Содан Әділхан менімен әңгіме-дүкен, сұхбат алуды бастады.

Ә дегеннен сұрақты түйдектүйдегімен қойды. Қысылайын дедім. Журналистік шеберліктің сан алуан қырынан ой қозғады. Ұстаздары З.Қабдолов, Т.Қожекеевтен тәлімін алғаны байқалып тұр. Газет жанрларынан сөз тізбектеді. Әзілхан Нұршайықов очерктерінің кейіпкерлерін сөз етті. Маған Әділхан үлкен залда лекция оқып тұрған ұстаздай елестеді. Жан-жақты біліммен сусындағаны байқалып тұр. Састырайын деді.

– Газет жұмысы – бірыңғай шығармашылық жұмыс, Қайреке. Күнделікті күйбең тірлікпен уақыт өткізбей, жазған-сызғандарыңызды жинастырып жүрсіз бе? Әзіл-оспақтарыңызды оқып жүрмін. Жақында «Айқын» газетінде «Кебінқұлдың өкпесі» деген сықағыңыз шықты. Сүйсіне оқыдым. Депутаттыққа өтпей қалған Кебінқұлдың өкпесін ашық бейнелеген екенсіз.

– Рахмет лебізіңе. Баспадан бірер кітабым шықты. «Перзент», «Ағалар салған жол» атты кітаптарымда соңғы жылдары жазғанымды топтастырып шығардым.

– Жақсы болған екен.

– Журналист келбеті, кәсібі туралы не айтасыз?

– Көп оқитын, ізденімпаз адам ғана бұл мамандықты игереді. Біріншіден, адалдық керек. Жазбас бұрын сол тақырыптың төңірегіндегі дүниелерді ой елегінен өткізіп алған жөн. Жалғандыққа, әсірекызылдыққа бармау керек.

Кезінде редакторымыз Ұзақ Бағаев бізден ант қабылдау дәстүрінен жиі әңгіме қозғайтын. Әскерилер ант бергені сияқты журналистер адалдық антына берік болу керек деуші еді қайран Ұзекең.

Редакцияны сонау 1939 жылдан 1946 жылға дейін Тойбазар Елемесов басқарды. Шебер журналист болды. Қиын кезде осыншама жыл қызмет атқарған Тойбазар аға қаламы ұшқыр азамат екенін біреу білсе, біреу білмейді. «Жанқожа», «Аралдағы айқас» атты екі роман жазды. Екеуінен де газетте үзінді жариялауға Қомшабай Сүйенішов атсалысқанын айтпай кетуге болмас.

Шеберлік, білімпаздық жөнінен редактор Ұзақ Бағаевтың орны бөлек. Журналистті қолдай, қорғай білді. Шеберлік жайында әр лездемені (летучканы) жоғары деңгейде өткізуге құштар еді. Шығармашылық есеп беруді қолға алды. Жаңа бастамаларға ұйтқы болды. Өзің білетін Қалқабай Әбенов қамқоршы азамат еді ғой...

Әділхан бейнесі әлі көз алдымда елестейді. Өмірден ерте кетті. Асқар, Құттыбай, Әскербек, Әбдібаймен жиі сырласатын еді. Бір-бірін жиі іздейтін.

Сонымен көп ұзамай мен жайында Әділханның «Ақмешіт апталығында» бір беттік сұхбаты жарияланып, оқырманнан хат жауған еді. Сол сұхбат «Шеберлікті шаң баспайды» деген айдармен суретіммен жарияланғаны есімнен кетпейді. Архивімде әлі сақтаулы тұрған сол номерді кейде қайталап оқып, Әділханды еске аламын. Әділханның қойған сұрақтары, газет жұмысы, оның бейнеті жайында айтқан ой-толғамдары білімпаз азаматтың өшпес болмысын айқындаған еді.

Әділхан «Ақмешіт апталығының» тұңғыш қазығын қағып, шебер журналистердің үлкен шоғырын жасақтап кетті. Қазір басылым 30 жыл бойы Әділхан салған сара жолды жалғастырып келеді. Басылымның тақырып таңдауы, жұрт көкейіндегі проблемаларды қозғауы, елді мекендер тұрғындарының көкейіндегі ойларды ашып көрсетуі сүйсіндіреді.

Бір күні «Сыр бойы» газетін хат тасушы таңсәріден үйге әкелді. Әдеттегідей ішкі бетті ашып, қарасам «Академик Сартаев!» деген бір беттік дүние суретімен тұр. Авторына көз жүгіртсем, сұхбаттасқан Әділхан Бәйменов деген жазу көзіме оттай басылды. Ә дегеннен қаламы жүйрік, өзіме бұрыннан таныс Әділханның осы дүниесін сүйсіне оқығанымды талай оқырманға жар сала хабарлағаным бар. Әділханға телефон соғып, қаламына сәттілік тілегенім күні кешегідей есімде.

Әділхан Бәйменовті еске алу – үлкен ұлағат, өмір жалғасының шынайы ақиқаты. Өсер елдің өнер ұрпақтары тұрғанда мұндай өміршең азаматтар бейнесі әлбетте ұмытылмақ емес.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі

ПОЭТИКАЛЫҚ ДУЭЛЬ

Суретті түсірген Нұрболат Нұржаубай

«ҒАЛАМ мен ҚАЛАМ»

Сәні мен сәулеті келіскен Сырдың бас шаһарына биыл 206 жыл толып отыр. Жылдағы дәстүр бойынша биыл да қала күнін атап өтуге арналған мәдени-танымдық іс-шаралар бір ай бойы жалғасады. Осының аясында республикаға танымал жас ақындар арасында «Ғалам мен қалам» атты поэтикалық дуэль ұйымдастырылды.

Мерекелік кештің ашылуында Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев сөз сөйлеп, шақырылған қонақтар мен шаһар тұрғындарын «Қала күні» мерекесімен құттықтады. Сондай-ақ мереке аясында Рахат Наурызбаева, Сайлаубай Жұбатырұлы, Қатира Жәленова, Қазына Өзденбаева, Тілеген Бекарыстанов, Оңталап Базаралиев, Гаухар Қожахметова, Айнагүл Әбуова, Нұрлан Көбегенұлы, Аружан Оралбай сияқты бір топ қаламгерлерге қала әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Аймақта алғаш рет ұйымдастырылып отырған поэтикалық дуэльде ақындар Сыр өңірінің бас шаһарын жырға қосып, сонымен бірге, қазіргі заман поэзиясын насихаттай отырып, өскелең ұрпаққа ой салып, патриоттық сезімдерін оятуға бағытталған тың туындыларымен тыңдаушыларын тәнті етті.

Айталық, Халықаралық «Алтын қалам» әдеби байқауының жеңімпазы, «Сағыныш сыбыры» жыр жинағының авторы Д.Тілеухан, республикалық «Күміс қалам – 2022» поэтикалық дуэлінің жеңімпазы А.Мұратәлиева, Қызылорда қалалық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі, республикалық байқаулардың жүлдегері Ұ.Бекұзақұлы, Арал аудандық «Толқын» газетінің бас редакторы, «Баспалдақ» жыр жинағының авторы А.Сайлауов, республикалық «Ақмешіт жастары» газетінің сайт тілшісі А.Оралбай, «Сыр дарыны» сыйлығының иегері Д.Бөкебай, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Б.Санақұл, «Мөлдір өлең», «Сыйлық», «Жауап» жыр жинақтарының авторы М.Айтбай, Қызылорда қалалық Мәдениет үйінің әдіскері Ғ.Кәдірбай сияқты ақындар бақ сынасты.

Поэтикалық дуэльдің шарты бойынша ақындар I кезеңде Сыр еліне, Қызылорда қаласына арнаған өлеңдерін оқыды. Алғашқы кезеңнің қорытындысы бойынша 2 ақын байқауды аяқтады. Қазылардың сараптауымен II кезеңге өткен 8 ақын жеребе бойынша жұпталып сайысқа түсті. Әр жұп бірбірімен жауаптаса, еркін тақырыптағы екі өлеңін оқыса, III кезеңде төрт ақын өзара дуэльге түсіп, екі өлеңнен оқыды. Ал финалда жалғыз жұп бақ сынасып, жеңімпаз анықталды.

Шындығында, ақындар арасындағы жыр додасы аса тартысты өтті. Сыр аспанынан жыр жауған күн болды. Қалам иелері шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемін танытқандай. Тосын идея, терең иірімге құрылған жыр шумақтары жанды баурап, жүректі қозғады. Қорытындысында, «Ғалам мен қалам» атты поэтикалық дуэльдің бас жүлдесін ақын Аружан Оралбай жеңіп алды.

Жыр додасына Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облысындағы өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қаршыға Есімсейітова (қазылар алқасының төрайымы), ақындар Елубай Әуезов, Ғазиза Әбілда қазылық етті.

Осы орайда поэтикалық дуэльді ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ақжол Түменбай жүргізіп, өлең додасының өзара тартысты өтуіне ерекше үлес қосқанын айта кеткеніміз жөн. Сондай-ақ Айгерім Өмірбек, Айбек Шүкіров, Елжан Берістенбаев, Тоғжан Өтенова сияқты қалалық Мәдениет үйінің әншілері кешкі қаланы әсем әндерімен тербеді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

КҮЙ КӨҢІЛДІ ТЕРБЕТКЕН КҮН

Ауылда жүріп-ақ Сыр елі мәдениетінің, әсіресе, күй өнерінің дамуына үлкен үлес қоса білген талант иелерінің бірі – «Тұрсынбай датқа» ауылдық клуб меңгершісі Батырхан Маханов.

Шымкент музыкалық училищесін көркемөнер оркестрінің жетекшісі және оқытушысы мамандығы, Қызылорда «Сейхун» академиясын «Музыкалық білім» бакалавры бойынша бітірген талантты күйші талай өнер бәсекелерінде топ жарған.

1996 жылы термеші-жыршылар мен күйшілердің облыстық байқауында 1-орын, осы жылы Алматы қаласында күйшілердің республикалық байқауында бас жүлде, 2014 жылы «Әуезді күйдің құдіреті» атты облыстық күйшілер байқауында 1-орын, 2015 жылы аудандық өнерлі отбасылар сайысында бас жүлде иеленген.

Сәрсенбі күні Шиелі аудандық «Арман» мәдениет үйінде күйші-композитор, мәдениет және өнер саласының үздігі, ұлағатты ұстаз Батырхан Махановтың «Байлығы саз, көңілі жаз» атты шығармашылық кеші болып өтті.

Шығармашылық кеш шымылдығы Кенжебай Жүсіптің арнауымен ашылды. Мұнан соң күйшінің мектептегі ұстазы Тұрған Шаттыбаева, аудандық мәдениет үйінің директоры Зүлфия Құрманәліқызы, аудандық балалар әуез мектебінің директоры Нариман Мизамбаев, «Қоғалы» ауылдық округінің бас маманы Зұлхарнай Базарбаев, «Майлытоғай» ауылдық әкімдігінің өкілі Аққенже Исабекова, ақын досы Дүйсенбек Аяшұлы, ақын Талғат Күзембаев, басқа да кісілер ақ тілектерін білдіріп, сый-сыяпат жасады.

Композитордың бірнеше әнін күйшінің ұлы Өмірсерік Батырханұлы мен Гүлназ Маханбетова, Бағдат Тойманов, Гүлсім Тұрсынбек, Елдос Сейілов, Меруерт Дүйсебай, Сәбит Әбжапбаров секілді өнерпаздар орындады. Ал көпшілік көркем нақышты күйлерді автордың өз орындауында тыңдап, қошемет көрсетті.

«СБ» ақпарат

«КІТАР TIME» ФЕСТИВАЛІ

Кеше Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада III жалпыреспубликалық «Kitap time» фестивалі өтті. Ондағы мақсат – көпшіліктің кітап оқуға қызығушылығын ояту, оқырманға мәдени құндылықты насихаттау.

Шараның ашылу рәсімінде кітапхана директоры Нұрлыбек Мыңжас тұрақты және белсенді оқырмандарға әртүрлі номинациялар бойынша облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысының Алғыс хаттарын табыстады.

Фестиваль аясында «Поэзия – сөз өнерінің алтын тәжі» атты поэзия кеші, кітапқа қызығушылықты оятуға бағытталған «Кітаппен жарқын әлемге» тренинг сағаты, «Ертегілер әлемі» атты ертегі кейіпкерлерінің шеруі ұйымдастырылды.

Облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы Абзал Жолтерек және газет ұжымы оқырман қауыммен кездесіп, ақпарат құралының қоғамдағы орны туралы сөз қозғады. Сондай-ақ осы күні «Қазақтың Ақбаяны» атанған күміс көмей әнші Мәдина Ералиеваның туғанына 70 жыл толуына арналған ән кеші, «Кітап және кино әлемі» атты кино-ойын, шығармалар желісі бойынша сұрақтардан әдеби-библио бар, «Жаңа заман әдебиеті» кітап көрмесі, ұмыт бола бастаған әдебиеттерден «Білім сандығы» атты кітап көрмесі мен ретро бұйымдардан көрме дайындалды.

Шараға зиялы қауым мен баспасөз өкілдері, қаламгерлер, ұстаздар, студент жастар мен мектеп оқушылары, кітапхана мамандары мен оқырмандар, барлығы 500-ге тарта адам қатысты.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

«ҚЫЗЫЛОРДА» АТАУЫ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын, яғни 1925 жылдың сәуір айында Қоңырқожа Қожықов Ақмешіт қаласында өткен Қырғыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің бес күнге созылған V съезіне қатысып, Ақмешіт қаласының атауын Қызылорда деп өзгертуге тікелей ықпал жасады.

Бұл деректі тарихшы-ғалым Х.Тұрсын өзінің «Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты» атты еңбегінде Дінше Әділовтің 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабынан алады. Онда «Қожанов, мен, Есболов Табынбаевтың үйінде түскі ас іштік. Съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде үкімет көшіп келіп Ақмешіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілген болатын. Жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықов ойлап тапты. Одан неге бұлай атағанын сұрадық. Бұл қос қатпарлы атау, ол екі жақты да қанағаттандыруы тиіс екенін айтты. «Қызыл» большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – ұлттық атау. Демек, ол жақ та, бұл жақ та кінә арта алмайды. Бұл ұсыныспен келістік. Сұлтанбек Қожанов съезд төралқасынан кезектен тыс сөз алып, ұсыныс жасады. Бірінші ұсыныс Қырғыз республикасын Қазақ республикасы деп атау керек десе, екіншісі Ақмешіт қаласын Қызылорда деп атау жөнінде. Съезд екі ұсынысты да бірауыздан қабылдады» дейді.

Қоңырқожа Қожықов 1880 жылы Сырдария облысы Перовск уезі Кеңтүп болысы «Хан ағашы» деген жерде дүниеге келген. «Хан ағашы» – қазіргі Сырдария ауданы «Қоғалыкөл» ауылының аумағы. Жергілікті өлкетанушылардың айтуынша, Қоңырқожаның анасы – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың ұрпағы, ал әйелі Ләтипа – атақты Мұңайтпас би Лапыұлының қызы.

Қоңырқожа алғашқыда ауыл молдасынан діни білім алып, кейін Ақмешіттегі 4 сыныптық орыс-қазақ түземдік мектебін тәмамдайды. Одан кейін оқуын Ташкент қаласындағы мұғалімдер семинариясында жалғастырып, 1904 жылы елге оралады.

«Хан ағашы» деген жерде ашылған алғашқы мектепке сол жылы Тұяқбаев орыс тілінен, Асан Османов қазақ тілінен сабақ берген. Тұяқбаев әрі директорлық қызмет атқарған. Ол 1904 жылы қайтыс болып, оның орнына директор әрі орыс тілінің мұғалімі Бабабек Есенов келген. Бабабек 1905 жылға дейін осы қызметте болып, сол жылы Ташкент қаласында шешек ауруынан қайтыс болды. Содан бастап орыс тілінің мұғалімі және мектеп директорының орнына Ташкенттегі мұғалімдер семинариясының түлегі Қоңырқожа Қожықов тағайындалды.

Ол 1912 жылы Орынборда Түркістан өлкесіндегі түземдік мектептердегі қазақ балаларына арналған алғашқы «Әліппені» құрастырды. Алаш қайраткерлерімен тығыз байланыста жұмыс жасап, Шәді төре Жәңгірұлы және Қалиасқар Қасымовпен бірігіп «Русие патшалығында Романов нәсілінен хукимранлик қылған патшалардың тарихлары» атты еңбегі жарық көрді. 1925-1929 жылдар аралығында Қазақстандағы саяси-мәдени өмірге белсене араласты. Жетісу, Түркістан өңірлеріндегі бірнеше экспедицияларға қатысып, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Келіншектас», «Ақтас» мазарлары туралы мақалалары ғылыми айналымға енді.

Ресейдегі ақпан және қазан төңкерісінен кейін Кеңес билігі орныққан тұста Түркістан Орталық атқару комитеті басшылығы 20-жылдардың басында республиканың ұлттық мектептері үшін білікті мұғалім кадрлар даярлайтын педагогикалық оқу орнын (Қазақ халық ағарту институты) ұйымдастыру шараларын қолға алды. Осы кезеңде Қоңырқожа Қожықов Алаш қайраткерлерімен бірлесе жұмыс атқара бастайды.

1920 жылы 15 тамызда уақытша комитеттің алғашқы мәжілісі өтіп, онда Қ.Қожықовтың «Қазақ халық ағарту институтының ережесіне сәйкес қайта құрылатын Қазақ педучилищесі мен оның жанындағы еңбек мектептерін тарату мерзімі мен тәртібі туралы» баяндамасы тыңдалады. Баяндаманы талқылағаннан кейін оқу орны жұмысын жақсарту мен күшейту туралы қаулы қабылданды. Қ.Қожықовтың төрағалығымен өткен осы мәжілісте комитет мүшесі Х.Досмұхамедовтің Қазақ педагогикалық училищесі ғимаратының санитарлық жағдайы бойынша жасаған баяндамасы тыңдалды. Ағарту комиссариатының алқасы 21 тамызда Ағарту институтын құру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамын өзгертіп, төрағалыққа И.Тоқтыбаевты бекітеді. Ал оның орынбасарлығына Есенов, мүшелігіне Халел Досмұхамедов, Қоңырқожа Қожықов тағайындалды. 1920 жылы 20 тамызда Қоңырқожа Қожықов, Халел Досмұхамедов сынды зиялылардың бас қосуымен болған ұйымдастыру комитетінің кезекті отырысында институттың оқу бағдарламасы туралы мәселе талқыланады. Нәтижесінде 1920 жылы 1 қазанда Ташкент қаласында Қазақ халық ағарту институты ашылды.

Міне, Қоңырқожа Қожықов осы институтта тарих, география пәндерінен дәріс берумен қатар, өлкелік Халық ағарту комиссариаты құрған Мемлекеттік ғылыми комиссияның жанындағы «Талап» қоғамының мүшесі ретінде халық ағарту ісіне белсене араласады.

Қ.Қожықов 1938 жылы атылып, 1957 жылы 23 желтоқсанда толықтай ақталды. Ал Қоңырқожаның жары Ләтипа, ұлдары Қожахмет, Нұрахмет, Құлахмет, Сұлтанахмет қазақ мәдениеті мен өнерінде өшпестей із қалдырған.

Жұмабай БАЙЗАҚҰЛЫ,
өлкетанушы

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 23129 Тапсырыс №1480 Кезекші редактор **Шынар БЕКПАН**